

Қоғамдық шаруашылық  
нысандары.  
Тауарлы өндіріс. Ақша.

## ЖОСПАР

- Қоғам шаруашылықтың негізгі нысандары. Тауарлы өндіріс мәні.
- Тауар және оның негізгі белгілері.
- Ақшаның мәні және атқаратын қызметтері. Ақша формаларының эволюциясы.
- ҚР-дағы ұлттық валютаның қалыптасымен нығаюы.

## **Мақсат.**

Қоғамдық шаруашылықтың негізгі нысандары мен үлгілерін оқу.

Тауарлық өндірістің пайда болу шарттарын және тауар териясымен оның себептерін, негізгі белгілерін оқу.

Ақшаның мәні және қызметтері,

Ақша айналымы заңы,


Ақша формаларының эволюциясы

◎ **Қоғамдық шаруашылық** - бұл өндіріс пен тұтыну арасындағы байланыс.

\* жеке еңбектің қоғамның жиынтық еңбегіне енгізу тәсілі.

\* Экономикалық қызметті үйлестіру.

# Шаруашылық



Натуралды  
шаруашылық

Тауарлы  
шаруашылық

# Натуралды шаруашылық

Адамдардың өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жасайтын экономикалық ұйымдастыру қатынастарының жүйесі.

**Өндіріс --- бөлу --- тұтыну**

Қазіргі қоғамдық өндіріс - бұл дамыған тауар өндірісіндегі тереңдеген еңбек бөлінісінің болуы және оның мамандануы.

**Тауар өндірісінің** пайда болуы үш жағдайда жүзеге асады:

- ⊙ Ең ірі қоғамдық еңбек бөлінісінің болуы.
- ⊙ Алғашқы тұрмыстық қауымдастық қойнауында жеке меншіктің пайда болуы.
- ⊙ Тауар өндірушілердің экономикалық оқшаулануы.

## Тауарлы шаруашылық

Шаруашылықтың ең кең тараған нысаны. Пайдалы өнімдер нарықта сатылу үшін жасалатын экономикалық ұйымдастыру қатынастар жүйесі.

Дайындалған өнім нарыққа басқа бұйымдарға айырбасталу үшін түседі, одан тұтыну сферасына барады. Бұл тауар өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы байланыс.



Тауарды өндіру алғашқы тайпалық құрылыс кезеңіне бастап бүгінге дейін әрекет етіп келеді.

Тауар өндірісінің жай және капиталистік түрі бар.

**Жай** - тауар өндірісінде өнім тауар өндірушінің өзіндік еңбегімен жасалады.

**Капиталистік** - өнімді өндіріс құрал - жабдығы жоқ жұмысшы жасайды.

- ◎ **Тауар** - нарықта басқа тауарға балама айырбастауға бағытталған еңбекпен жасалған қоғамдық пайдалылық.

Тауарды тепе -тең өнімге айырбастау кезінде нарықта айырбас құнына ие болады.

- ◎ **Айырбас құны** - тауардың белгілі бір сандық пропорцияда басқа пайдалы заттарға айырбастала алу қабілеті.

Айырбас пропорциясы тауарларға енгізілген **құн** көлеміне байланысты болады.

Тауардың құны - тауарға сіңген еңбек.

# Тауардың қасиеті

```
graph TD; A[Тауардың қасиеті] --> B[Пайдалылық]; A --> C[Құн];
```

## Пайдалылық

Өзінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға белгілі бір игіліктердің ролі туралы әр сатып алушының беретін субъективті бағасы.

## Құн

Адамның өз өмірі мен әл – ауқаты үшін тұтынатын заттың маңыздылығын түсіну.

- ◎ **Құн** - Еңбек теориясының негізгі мазмұны. Негізін салушылар: Уильям Петти, Адам Смит, Давид Рикардо, Карл Маркс.
- Нарықтық айырбастың түрлі өнімдері бірдей ішкі мазмұнға ие - бұл құн.
- Тауардың құны тауар өндірушілердің қоғамдық еңбегімен жасалады.
- Құнды - еңбектің күрделілігі және сапасы анықтайды.
- Еңбектің ішкі өлшемі - жұмыс уақыты.
- Тауар құны жұмыс уақытының қоғамдық қажеттілігімен анықталады.

Игілік құндылығы - адамның өз өмірі мен әл ауқаты үшін тұтынатын заттың маңыздылығы.

Пайдалы игіліктер: **Шекті** және **Шексіз** болып бөлінеді.

Құлдыраушы пайдалылық - бір өнімді үздіксіз пайдалану нәтижесі.

# БҮГІНГІ КЕЗДЕ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР:

- ◎ шаруашылықтың тиімділігін арттыру
- ◎ шаруашылықтың экологиясын сауықтандыру
- ◎ шаруашылықта адамға бір қалыпты жағдай жасау

- ▣ Ақшаның пайда болуы айырбас процесінің дамуымен байланысты. Айырбастың дамуына қарай әртүрлі салаларды айырбасқа тез түсетін қасиеті бар өнім бұл тауар. Өтімді тауар - өте оңай өткізілетін тауар.
- ▣ Айналымға түсу қасиеті бар, бәріне бірдей эквиволент болатын тауар бұл - ақша.



Акшаның металдық теориясын «меркантилизм» мектебінің өкілі Томас Мэн (1571-1641 жж.) жасаған.

Осы теорияға сай - алтын мен күміс өзінің табиғатына қарай және олардың табиғи қасиетінің күш-қуаты бойынша - ақша болып табылады. Ақшаның металдық теориясының дамуы тарихи тұрғыдан ХҮІ - ші және ХҮІІ - шы ғасырларда болған. Ол Америкадан Еуропа елдеріне алтын мен күмістік ағылуына байланысты жүзеге асқан.

**Ақша** - бұл тауар өндірісі және құн түрінің дамуының өнімі. Алтын мен күміс өз бетінше ақша емес, олар қай уақытта да тауар өндірісіндегі адамдардың өндірістік қатынастарын көрсеткен уақыттан бастап ақша бола алады. Алтын мен күмістің ақша болуы олардың алтын және күміс болуында емес, бастысы - олардың қоғамдық еңбектің өнімі болуында. Тауар құны алтынмен өлшенеді, себебі тауарға да және алтынға да қоғамдық еңбек жұмсалған.

Ақша тауар өнімі емес, олар шартты белгі ғана болып табылады, бағалылығын мемлекет бекітеді. Сондықтан ақша белгісінің алтынмен ешқандай байланысы жоқ.

Номиналистік теорияны жақтаушыларға ағылшын экономисі Дж. Кейнс «еңбекпен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» (1936 ж.) еңбегінде ақшаны мемлекеттің заңды төлем құралы ретінде ұсынған.

Американ экономисі Пол Самуэльсонның ойынша: «Ақша - бұл әлеуметтік шарттылық». Демек, ақша номиналистік теория өкілдерінің ойынша, бұл бағалылықтағы жасанды төлем құралы, яғни алтынмен байланысы жоқ.

**Ақша** бұл айырбасқа түсетін абсолютті өтімді құрал. Ақшаның қатысуымен айырбас тауарлы - ақшалай формасына ене алады:

( **T** - **A** - **T** )

**T**- тауар;

**A** - ақша.

# АҚША ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАДЫ

- Бірінші қызметі - **құн өлшемі**.

Ақшаның көмегімен барлық тауардың құнын көрсетуге болады. Тауар құнының ақшалай көрсетілуі баға деп аталады.


Тауар бағалары негізінен тауардың өз құнына тура пропорционалды және ақша құнына кері пропорционалды келеді.



- Екінші қызметі - айналым құралы.

Осы қызметті ақша қолма-қол атқарады, себебі олар нақты тауар айырбасында артықшылық жасайды.

Егер айналым шығындары өсіп кетсе және есептеулер баяуласса, алтынның қоры шашыраса, алтын айналымы шексіз болар еді. Алтын қоры мемлекет үшін әлемдік ақша резервтік қор ретінде қажет.



- Үшінші қызметі - төлем құралы.

Бұл қызметті тауарды - ақша сатқан кезде, ақшаны қарызға бергенде, салықты, жер рентасын, жалақыны, дивидентті, пәтер және т.б. төлегенде атқарады.

⦿ Төртінші қызметі - қазына жинау қорлану құралы.

Ақша айналысын тоқтатады және жиналады. Сөйтіп ұзақ мерзімге пайдаланатын заттарды сатып алу үшін қорланады. Ақшаның қазына түрінде қорлануы әрбір тауар өндірушінің белгілі ақша резерві болу қажеттілігінен туындайды, нарық кездейсоқтығынан сақтандырады. Бұл ролді толық бағалы ақша орындайды. Ақшаның бұл қызметі ақша айналымын реттеу үшін маңызды.




- Бесінші қызметі - әлемдік ақша түрінде болуы.

Әлемдік ақша алтын және өнеркәсібі дамыған елдердегі тұрақты валюта болып табылады.

Әлемдік аренада ақшаның айналым құралы емес, төлем құралының рөлі бірінші орында болады. Бұл ең алдымен халықаралық несиенің дамуымен түсіндіріледі.

**Қағаз ақша** - бұл мемлекетпен шығарылған айналым қызметінде іс жүзіне асатын алтынға айырбасталатын ақшалай белгілер. Мемлекет қағаз ақшаларға сол мемлекеттің ішінде ғана жүргізілетін ақша курсы белгілейді. Қағаз ақша ұсынатын шынайы құн мемлекеттік билік күшіне байланыссыз ақша айналымының объективті заңымен анықталады.

**Несиелік ақшалар** - тауар өндірісінің дамуымен, яғни тауарларды сатып алу және сатудың уақытын кешіктіріп төлеуге (несиеге) берілуімен байланысты пайда болған ақшалар.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ВАЛЮТАСЫ ТӘУЕЛСІЗ ЕГЕМЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МІНДЕТТІ РӘМІЗДЕРІНІҢ БІРІ ОНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ТАРИХЫНА ОНЫҢ БІР-АҚ РЕТ ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗ ВАЛЮТАСЫНЫҢ ТАРИХЫ ДА КІРЕДІ. БАСҚА КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫНЫҢ ТАРИХЫ САН ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН. КЕЗ КЕЛГЕН ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА ЕЛДІҢ ӨТКЕНІН, БҮГІНГІСІН ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫН БЕЙНЕЛЕЙДІ. АЛ ТЕҢГЕНІҢ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫНЫҢ ТАРИХЫ ПРЕЗИДЕНТТІҢ 1993 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАРАШАДАҒЫ ЖАРЛЫҒЫНАН БАСТАЛДЫ.

**Валюта** - бұл ақша бірлігі және оны тауар құны мөлшерін өлшеу үшін қолданылады.

“Валюта” ұғымы 3 мағынада қолданылады:

- сол елдің ақша бірлігі және оның әртүрлі типтері-алтын, күміс, қағаз;
- шетел мемлекетінің ақша белгісі, шетел ақша бірлігі түріндегі несие мен төлем құралдары және халықаралық есептеуде қолданылатын-шетел валютасы;
- халықаралық ақша есептеу бірлігі және төлем құралы (евро). Көптеген дамушы елдердің валютасы тұйықталған болып келеді. Біздің ұлттық валютамыз “теңге”, ол әлемдегі бірден - бір конверсияланбайтын, тұйық валютаға жатады.

## *ВАЛЮТА ҚОЛДАНУ САЛАСЫ МЕН ТӘРТІБІНЕ ҚАРАЙ БЫЛАЙ БӨЛІНЕДІ:*

- *еркін конверсияланатын (толық қайтарымды) және ол кез келген шетел валютасына белгілі баламамен шексіз айырбасталады;*
- *конверсияланбайтын (қайтпайтын, тұйық)- тек бір елдің шеңберінде айналымда болатын, басқа шетел валютасына айырбасталмайды.*